

2 БӨЛІМ.
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІРАЗДЕЛ 2.
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВSECTION 2.
METHODS OF TEACHING LANGUAGESӨОЖ 81-139
ГТАХР 14.25.09<https://doi.org/10.52301/2957-5567-2023-1-64-69>

А.Д. Амренов

Марғұлан университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
*e-mail: adilbek.61@mail.ru***КӨКБАЙ ЖАНАТАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АБДУ-Л-ҚАҺИР
ӘЛ-ЖУРЖАНИДІҢ АРАБ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫН БАЯНДАУ ТӘСІЛІ**

Аңдатпа. Мақалада парсы ғалымы Абдул Қаһир Журжанидің ХІ ғасырда жазылған араб тілі грамматикасын жазған «Әуамил миа фи-л-луға л- арабийя» трактатының Абайдың ақын шәкірттерінің бірі Көкбай Жанатайұлының қазақ тіліне аудармасы қарастырылады. Көбайдың қолжазба аудармасына ғылыми сипаттама жасалды. Араб тілі грамматикасының зерттеушілерінің ішіндегі Абдул Қаһир Журжанидің орны және оның трактатының Көкбай Жанатайұлының аударуының себебі түсіндіріледі. Қолжазбадағы араб тілді терминдердің қолданысы және Көкбайдың араб тілі грамматикасын түсіндіру ерекшеліктер талданады.

Кілт сөздер: қолжазба, араб тілі, араб тілі грамматикасы, играб, амал, әуамил, мағнауы, масдар

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының қолжазбалар қорынан Көкбайдың араб тілі грамматикасын баяндап түсіндіретін «Әуамил түркі елінде» атты қолжазба туындысы сақтаулы. Кезінде Мұхтар Әуезов 1934 жылы жазған «Көкбайдың ақындығы» зерттеу мақаласында Көкбай Жанатайұлының өлеңмен жазған «Араб тілінің грамматикасы» атты еңбегі болғанын ескерткен еді (Әуезов, 1995, с. 281). Алайда кейінгі абайтанушылар тарапынан оның осы еңбегіне қатысты еш мәлімет берілмеді. Көкбай Жанатайұлының қолжазбасын 1990 жылдардың басында Абай музейінің қолжазбалар қорында табылған болатын.

Қолжазбаның ғылыми сипаттамасына келсек, түсі сарғыш түсті төрт парақ, көлемі 18×32 см. Парақтардағы жол саны әртүрлі: бірінші бет 26 жол, екінші бет 22 жол, үшінші бет 18 жол, төртінші бет 8 жолдан барлығы – 74 өлең жолынан тұрады. Әр өлең жолы араб-парсылық дәстүрлі поэзиялық қолжазба үлгісіндегідей қос сызықшамен үш тармаққа бөлінген. Араб жазуының насх үлгісіндегі сиямен жазылған хұсни жазу. Кітаби тілдің жұрнақтары сақталған қадим жазу емлесі мен жәдиди еміленің араласқан түрі. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Қолжазбадағы сөздік қолданыс, жазу үлгісіне қарағанда ХІХ ғасырдың соңы, ХХ ғасырдың алғашқы он жылында жазылған. Аударма трактаттың авторы Көкбай Жанатайұлы. Оны шығарманың соңғы қортынды бөлімде өзі айтып өтеді:

*Иазгучы рухым қазақ орта жүзде
Тұрағым шаһар имес сахара-түзде
Тобықтының ішінде табым Көкше,
Момынға қосыламыз барып бізде
Қан Шыңғыста мал баққан хәрәкәтім
Фуләндей ғылымнан жоқ мәктүім
Әйтеуір молла деген атымыз бар,
Аллаһ берсін нәфиг һәм берекет.
...Есімім Көкбай, талибпын осы күнде,
Тырысқан боп жатырмыз күндіз-түнде...*

Қолжазбаныңбасында Исламдық дәстүрлі діни, ғылыми, көркем мәтіндердегідей Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылады. Кіріспе бөлімінде араб тілінің нәху-сарфына (морфология-грамматика) қатысты көптеген кітаптардың бар екенін айта келе соның біреуіне тоқталады:

*Абдул Қаһир Журжани шейху-л-имам,
Аларға рахмат болсын Илләһидан.
Нәхуде дурур болған жүз амалны,
Һәммәсін бір кітабқа тізіп жиган.*

Көкбай айтып отырған Абду-л-Қаһир Журжаниге келсек, толық аты жөні Әбу Бәкір Абду-л-Қаһир бин Абдурахман бин Мухаммад әл-Журжани XI ғасырда өмір сүрген парсы текті ғалым. Туған жылы белгісіз, ал қайтыс болған жылына қатысты деректер әртүрлі; бір зерттеулерде һижраның 471 жылы делінсе, енді бір деректерде һижраның 474 жылы қайтыс болды деген мәліметтер бар. Туып-өскен жері Каспий теңізінің жағасында орналасқан Журжан қаласы (парсы тілінде Горган (گرگ)) – қасқыр, ән (ن) – мекенді білдіретін жұрнақ яғни «қасқырлар мекені», кейін Астрабад, Табаристан деп те аталды). Бүкіл саналы ғұмыр осы қалада өтеді. Әбу-л-Қаһир Журжани «Ал-Әуамил ал-миа», «Ал-Джумал», «Китабу-т-татиммати фи-л-джумла», «Ал-Умдату фи-т-тасриф», «Асрару-л-балага фи-л-маани ва-л-баян», «Далаилу-л-ижаз ва асрару-л-балага», «Ал-Мугни», «Ал-Китаб фи-л-аруд» кітаптары арқылы грамматика, риторика, стилистика, құрантану, хадистану саласында көптеген еңбектер қалдырған жан-жақты талантты ғалым (2017 . رقم عدد).

Классикалық араб тілін зертеу VIII ғасырдан басталады. Оның негізін салушы парсылық ғалым Сибауейхи. Ол «әл-Китаб» атты еңбегінде ең алдымен араб тілінің синтаксистік заңдылықтарына анализ жасап содан кейін синтаксис терминдерінің этимологиясына сипаттама береді (Чупрыгина, 2020).

Енді бір парсы ғалымы Әбу Әли әл-Фариси «әл-Йиадах» атты еңбегінде Сибауейхи пікірін жалғастыра отырып, оны одан әрі толықтырады. Араб тілі грамматикасын екінші тәсілмен баяндаған – Абду-л-Қаһир Журжани. «Әуамил миа» еңбегінде араб тілі грамматикасын меңгертуші сөздер арақылы түсіндіреді. Үшінші және күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тәсіл әз-Замахшаридікі. Ол «Әл-Муфассал» кітабында грамматиканы: есім, етістік және шылаулар деп бөліп қарастырады.

Араб тілі грамматикасын түсіндіру дәстүрі орта ғасырларда қысқа грамматикалық трактатар жазумен де жалғасты. Атап айтқанда: Махмуд Замахшаридің «әл-Унмузадж фи нәху», Ибн Мәліктің «Әлфия» және Ибн Хаджибтің

«әл-Кәфия» кітаптары бар. Тілі жеңіл де қарапайым, мысалдары Құран мен Хади-стен және жәһилия дәуіріндегі араб поэзиясынан алынған бұл кітаптар алғашқы араб тілі грамматикасының оқулықтары орнына жүрді. Әсіресе, классикалық араб тіл білімінде «иғраб» (إعراب), яғни сөздің септік жалғаулары арқылы меңгерілуін зерттеуге көп көңіл бөлді. Араб тіліндегі сөйлем ішіндегі сөздер, сөйлем мүшелері әртүрлі сөздердің, басқа да факторлардың әсерімен өзгеріске түседі. Бұл құбылысты араб тіл білімінде «амал» (عمل)-әрекет немесе меңгеру деп, меңгертуші сөз «амил» (عامل), көпше түрі «әуамил» (عوامل), ал меңгерілген сөз «мәғмул» (معموم) деп аталып, меңгерілген сөз: атау, ілік, табыс септігі және нөлдік тұлғаның бірінде өзгеріске түседі (Звегинцев, 2007, с. 65).

Абду-л-Қаһир әл-Журжанидің «әл-Әуамил әл-миа ән-нәхуийә фи усули илм әл-арабийя» трактаты осы меңгеруге арналған. Зерттеу еңбектерде қысқаша «әл-Әуамил әл-миа» («Жүз меңгеру» немесе «Жүз амал») деп аталады. Бұл трактаттың маңызы сонда – мұндағы меңгертуші сөз «амил» (عامل), көпше түрі «әуамил» (عوامل) (сөздер тура жүзге бөлінген және араб тілі грамматикасын үйренушілер оны оңай түсінеді. Орта Азия мен Қазақстандағы медреселерде ХХ ғасырдың басына дейін араб тілін үйрететін оқу құралы ретінде пайдаланып келді. Трактаттың бірнеше көшірмесі әртүрлі елдердің қолжазба қорында сақталуда. Өзбекстан ҒА қолжазбалар қорында да қырыққа жуық көшірмесі бар. Бұл Абду-л-Қаһир әл-Журжани кітабының Орта Азия мен Қазақстанға кеңінен танымал болғандығын көрсетеді.

Көкбайдың «Нәхуде дуруп болған жүз амалы» деп айтып отырғаны Абду-л-Қаһир әл-Журжанидің араб тілі грамматикасына арналған осы «әл-Әуамил әл-миа» кітабы. әл-Журжани трактатын Көкбай өлеңмен қазақ («Әуамил түркі елінде» деп аударманың тақырыпатында көрсетілгендей түркі. – Ә.Ә.) тіліне аударады.

Араб тіл білімінде грамматиканы түсіндіруде поэзиялық үлгіні пайдаланаған ғалым – Ибн Мәлік. Оның «Әлфия» атты қасидасы бар. «Әлфия» қазақ тіліне аударғанда жүздік яғни «жүз жолдық өлең» дегенді білдіреді. Ибн Мәліктің «Әлфиясы» араб тілі грамматикасын толық қамтыған, аруд өлеңінің мустафилун өлшемімен жазылған қасида. Мустафилун өлшемі (өлең ырғағы) грамматика заңдылықтарын оңай есте сақтауға, тез меңгеруге көмектеседі. Қасидада араб тілі грамматикасы синтаксистік принципке негіздеп баяндалады. Шәкірттер 1000 жол поэманы араб тілінің грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жатқа айтқан.

Көкбай да осы дәстүрді негізге алып Абду-л-Қаһир әл-Журжанидің трактатын поэзия үлгісінде баяндайды. Өлеңнің лексикалық қабатында араб тілінің грамматикалық терминдері, араб-парсы сөздері мен сөз тіркестері басым бөлігін қамтиды, және араб тілінің орфографиялық ерекшелігі (хәракаттар, созлыңқы дауыстылар сияқты т.б фонетикалық заңдылықтар) сақталып жазылған. Мәтіндегі түркілік, қазақ сөздерінің қолданысында ортатүркілік кітәби тілдің ықпалы басым. Өлең құрылысы негізінен он бір буынды қара өлең болғанымен, кейде араб-парсы сөздерінің араласып келуінен аруз өлшеміне баратын тұстары да кездеседі.

Көкбай араб тілі грамматикасындағы жүз меңгеруді (Абду-л-Қаһир әл-Журжани бойынша. – Ә.Ә.) алдымен үлкен екі топқа бөледі: «ләфзий» (لفظي – морфологиялық немесе айтылым бойынша контекстік меңгеру) және «мағнауи» (معنوي – мағаналық меңгеру). «Ләфзий» меңгерудің өзін «сәмағий» (سماعي – аналогиясыз, үйлесімсіз жасалған) және «қиасий» (قياسي – аналогиялы, үйлесімді жасалған) деп екіге жіктейді. «Сәмәғий» меңгеруді он үш топқа бөледі:

1. Есім сөзді араб тіліндегі ілік септігіне меңгертетін «илә» (إلى), «мин» (من), «фи» (ف) сияқты т.б он жеті септеулік шылаулар.
2. Араб тіліндегі есімді сөйлемнің бастауышын табыс септігінде, баяндауышын атау септігінде меңгертетін «ин» (إن), «ләкиннә» (لكن), «ләғаллә» (لعل) сияқты т.б алты септеулік шылаулар.
3. Араб тіліндегі есімді сөйлемнің бастауышын атау септігінде, баяндауышын табыс септігінде меңгертетін «ләйсә» (ليس) болымсыздық есімдігінің қызметін атқаратын «мәә» (ما), «ләә» (لا) екі сөз.
4. Есім сөзді табыс септігіне меңгертетін «һәйәә» (هيا), «йәә» (يا), «иләә» (إلا) сияқты т.б. жеті септеулік шылаулар.
5. Етістікті шартты райға меңгертетін «изән» (إن), «әй» (أي), «лән» (لن), «ән» (أن) сияқты төрт сөз.
6. Етістікті қалау райға меңгертетін «әләәм» (اللام), «ләә» (لا), «ләмәә» (لما), «ләм» (لم), «ин» (إن) сияқты бес сөз.
7. Етістікті шартты райға меңгертетін «мәә» (ما), «хәйсумәә» (حيثما), «мәтәә» (متى), «мән» (من) сияқты т.б. тоғыз меңгертуші есімдер.
8. Белгісіз есімді, 11-99 дейінгі есептік сан есімді табыс септігіне меңгертетін «кәй» (كأي), «кәзәә» (كأذا), «кәм» (كم) сияқты т.б төрт меңгертуші сөз.
9. Етістік мағанасындағы есімдерді табыс септігіне меңгертетін кейбір, «хәйһәл» (حيهل), «һәә» (ها), «ғәлайк» (عليك), «дуунк» (دونك), «бәләһә» (بله), «руиид» (رويد) және етістік мағанасындағы есімдерді атау тұлғаға қоятын кейбір «шаттан» (شтан), «суриған» (سرعان), «һәйһәт» (هيهات) сияқты тоғыз меңгертуші сөз.
10. Араб тіліндегі есімді сөйлем бастауышын атау септігіне, баяндауышын табыс септігіне меңгертетін «адхә» (أضحى), «асбаха» (أصبح), «саара» (صار), «кәәнә» (كأن) сияқты т.б. он үш меңгертуші етістіктер.
11. Араб тіліндегі есімді сөйлем бастауышын атау септігіне, баяндауышын табыс септігіне меңгертетін «кәрәба» (كرب), «әушәкә» (أوشك), «ғаса» (عسى), «кәәдә» (كاد), сияқты іс-әрекетті бастау жақындығын білдіретін етістіктер.
12. Өзінен кейінгі есімді атау септігінде меңгертетін «сәә» (ساء), «хәббәзә» (حبذا), «біисә» (بئس), «ниғмә» (نعم) сияқты мақтау және ұялту етістіктері.
13. Есімді сөйлемнің есім бастауышы мен есім баяндауышын (екі есім сөзді де) табыс септігіне меңгертетін «ғалламту» (علمت), «хилту» (خلت), «хәсабту» (حسبت), «зәннәнту» (ظننت) сияқты т.б. жеті байымдау етістіктері.
«Қиасий» (قياسي) меңгеруді жеті топқа бөледі:
 1. Етістіктер (өткен шақ, осы-келер шақ, бұйрық рай)
 2. Масдар (етістіктен жасалған есім сөздер)
 3. Негізгі етіс
 4. Ырықсыз етіс
 5. Сын есім
 6. Матасудың (изафет, status constructus) бірінші мүшесінің байланысы
 7. «әл-Исму-т-тәәм» (өзінен кейінгі есімді табыс септіген қоятын есім сөз) «Мағанауи» (معنوي) меңгеруді екіге бөледі:
 1. Есімді сөйлемнің бастауышы да баяндауышы да ешқандай меңгеруші сөзсіз атау септігінде тұруы.
 2. Негізгі етіс орнына қолданылатын осы-келер шақ етістігі.

Көкбай Абду-л-Қаһир әл-Журжанидің «әл-Әуамил миасын» аударғанда ғылыми мақсатта емес, оқу құралы ретінде жазғаны анық. Және өзінің ашқан медресесінде араб тілі грамматикасын үйрететін негізгі пән ретінде оқытқан. Арнайы оқулық етіп бастырмаса да шәкірттеріне қолжазба күйінде тартқан. Сондықтан қолжазбаның бірнеше нұсқасы болуы да мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

Әуезов М. Көкбай Жанатайұлы. Кітапта: Абай. Энциклопедия. Алматы: «Атамұра», 1995. 750 б.

2. عبد الرحيم البار. عبد لبقاهر ال جرداني : حياته و مؤلفته و منهجه الاوغوي // مجلة إشكالات, رقم عدد تسلسلي 13, السنة 2017. – ص 241-255

Звегинцев В.А. История арабского языкознания. Краткий очерк. Москва: КомКнига, 2007. 80 с.

Чупрыгина Л.Л. и др. Сравнительный анализ изданий «Аль-Китаб» («الكتاب», Книга») Сибавейхи // Труды Института востоковедения РАН. Вып. 27. Проблемы общей и востоковедной лингвистики. Москва: ИВ РАН, 2020. 308 с.

References

Äwezov M. Kökbay Janatayuly [Kokbai Janatayuly]. Kitapta: Abay. Enciklopediya. Almaty: «Atamura», 1995. 750 b.

2. عبد الرحيم البار. عبد لبقاهر ال جرداني : حياته و مؤلفته و منهجه الاوغوي // مجلة إشكالات, رقم عدد تسلسلي 13, السنة 2017. – ص 241-255

Zvegintsev V.A. Istoriya arabskogo yazykoznaneya. Kratkiy ocherk. [History of Arabic Linguistics. Brief essay]. Moskva: KomKniga, 2007. 80 s.

Chuprygina L.L. i dr. Sravnitel'nyy analiz izdaniy «Al'-Kitab» («alḳṭab, Kniga») Sibaveykhi. [Comparative analysis of publications "Al'-Kitab" ("باتاكل", Book) Sibawayh] // Trudy Instituta vostokovedeniya RAN. Vyp. 27. Problemy obshchey i vostokovednoy lingvistiki. Moskva: IV RAN, 2020. 308 s.

А.Д. Амренов

Университет Маргулана, г. Павлодар, Казахстан

КОКБАЙ ЖАНАТАЙУЛЫ И ЕГО МЕТОДИКА ИЗЛОЖЕНИЯ АРАБСКОЙ ГРАММАТИКИ АБДУ-Л-КАХИРА АЛЬ-ДЖУРДЖАНИ

Аннотация. В статье рассматривается перевод трактата «Авамил миа фи-л-луга л- арабия», написанного персидским ученым Абдул Кахиром Джурджани в XI веке, на казахский язык одним из учеников поэта Абая Кокбаем Джанатайұлы. Сделано научное описание перевода рукописи Кобая. Объясняется место Абдул Кахира Джуржани среди исследователей арабской грамматики и причина перевода его трактата Кокбаем Джанатайұлы. Анализируются использование арабских терминов в рукописи и интерпретация арабской грамматики Кокбая.

Ключевые слова: рукопись, арабский язык, арабская грамматика, играб, амал, авамиль, магнауи, масдар.

A.D. Amrenov

Margulan University, Pavlodar, Kazakhstan

**KOKBAY ZHANATAYULY AND HIS METHOD OF PRESENTATION OF
THE ARABIC GRAMMAR OF ABDU-L-QAHIR AL-JURJANI**

Abstract. The article discusses the translation of the treatise "Avamil mia fi-l-luga l- arabia", written by the Persian scholar Abdul Qahir Jurjani in the 11th century, into the Kazakh language by one of the students of the poet Abai Kokbay Dzhanatayuly. A scientific description of the translation of Kobai's manuscript is made. The place of Abdul Kahir Jurzhani among the researchers of Arabic grammar and the reason for the translation of his treatise by Kokbay Janatayuly are explained. The use of Arabic terms in the manuscript and the interpretation of Kokbay's Arabic grammar are analyzed.

Key words: manuscript, Arabic language, Arabic grammar, igrab, amal, awamil, magnaui, masdar.